

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 9 қаңтардағы N 32 Қаулысы

2005-2006 жылдардың қысқы кезеңінде Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының тіршілікті қамтамасыз ету объектілерінің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шығыс Қазақстан облысының әкіміне қаланың тіршілікті қамтамасыз ету объектілерінің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету мақсатында Семей қаласының қазандықтары үшін көмір сатып алуға 2006 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінен 200000000 (екі жүз миллион) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі